

МЕКТЕПТЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА БАҚЫЛАУ КАРТАЛАРЫ МЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ТИІМДІЛІГІ

Ермаханов Б.Ө.^{1,*} , Есиркепов Ж.М.² , Маханбет Е.Т.³ ,
Куанышбаев Б.Ж.¹ , Рахымжанов А.О.¹ 

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

²Халықаралық туризм және меймандостық университеті,
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

³Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университеті, Қазақстан Республикасы, Ақтау қ.

*e-mail: baglan0989@gmail.com, zhandos-1978@mail.ru, yerzhan.makhanbet@yu.edu.kz,
bakhytzh.kuanyshbayev@ayu.edu.kz, alpamys.rakhymzhanov@ayu.edu.kz

Аңдатпа. Зерттеудің мақсаты – мектептердегі дене тәрбиесі сабағында салауатты өмір салтын қалыптастыруды дамыту бағытында арнайы дайындалған педагогикалық бақылау мен бағалау карталарын оқу үдерісінде тиімді қолдануды ғылыми тұрғыдан негіздеу. Жұмыстың басты идеясы – дене тәрбиесі пәнінің мазмұнын жетілдіруде педагогикалық бақылау құралдарының қажеттілігін тану, оқушыларды салауатты өмір салтына баулуға негізделген әдістемелік ұсыныстарды жүйелеу. Зерттеудің негізгі бағыты – дене тәрбиесі пәнін талдау және бағалаудың озық әдістерін анықтау негізінде сабақ мазмұнын сапалық тұрғыдан жетілдіру. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы – дене тәрбиесі сабағының сапасын жаңарту мақсатында бақылау және бағалау карталарын пайдаланудың теориялық және әдістемелік негізін қалыптастыру арқылы мұғалімдердің кәсіби біліктілігін дамытуға, оқушыларды салауатты өмір салты дағдыларына жүйелі түрде баулуға ықпал етуінде. Практикалық маңыздылығы – ұсынылған бақылау және бағалау карталарын тәжірибеге ендіру негізінде сабақ мазмұнын дамытуға, мұғалім жұмысының сапасын жетілдіруге, оқушылардың қызығушылығын арттыруға ықпал етуінде. Зерттеу жұмысында келесі әдістер пайдаланылды: педагогикалық бақылау, салыстырмалы талдау, сауалнама жүргізу, алынған деректерге сандық және сапалық өңдеу жүргізу. Тәжірибелік жұмыс дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курсы шеңберінде ұйымдастырылды. Зерттеу нәтижесінде дене тәрбиесі сабағында қолданылған бақылау карталары сабақ құрылымын мақсатты түрде ұйымдастыруға, сабақ мазмұнын арттыруға, оқушылардың сабаққа қызығушылықпен қатысуын жоғарылатуға ықпал ететіні дәлелденді. Салыстырмалы талдау нәтижелері – мұғалімдер педагогикалық бақылауды жүйелі түрде жүргізу негізінде күнделікті оқу үдерісінде өз жұмыстарына талдау жасай алатынын және оқушылардың дене тәрбиесіне ынта-ықыласының артатынын көрсетті. Қорытындысында – ұсынылған бақылау құралдары сабақтың мазмұны мен сапасын көтеруге оң әсер ететіндігі айқындалды. Бұл зерттеу жұмысы оқу үдерісінде педагогикалық бақылау мен бағалаудың жаңа үлгілерін енгізудің тиімділігін ғылыми негізде дәлелдейді. Бақылау карталары арқылы мұғалімнің кәсіби қызметін жетілдіру және оқушылардың мотивациясын арттыру сияқты маңызды аспектілер зерделеніп, тәжірибе негізінде нақты нәтижелерге қол жеткізілді.

Кілт сөздер: Дене тәрбиесі мұғалімі, спорт, педагогикалық бақылау және талдау, біліктілік арттыру, салауатты өмір салты, карточка, денсаулық пен амандық.

Кіріспе

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев «Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында еліміздің кадрлық әлеуетін біртіндеп арттыру мәселесіне арнайы тоқталып өтті. Онда мұғалімдердің біліктілігін арттыруға және әлеуметтік мәртебесін көтеруге көңіл бөлуге айрықша назар аударды. «Ұстаздар – ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Үздік оқу бағдарламасы, заманауи мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық», – деп қазіргі таңдағы ең өзекті мәселені атап өтті [1].

Сабақ – оқу үдерісінің логикалық тұрғыдан аяқталған элементі болып табылады. Онда күрделі өзара әрекеттесу мақсаты мен мазмұны, әртүрлі оқыту құралдары мен әдістері ұсынылады [2]. Дене тәрбиесі сабағы барысында мұғалімнің мәдениеттілігі, біліктілігі, шеберлігі мен іскерлік қасиеттері айқын көрінеді. Оқушылар салауатты өмір дағдыларына тартылып, жеке ерекшеліктері ашылады. Балаларды тәрбиелеу, білім беру, сауықтыру, дене қасиеттерін дамыту міндеттері іске асырылады. Сондай-ақ мұғалім мен оқушылардың қарым-қатынасының, оларға тәрбиелік әсерін жүзеге асырудың негізгі нысаны ретінде де қарастырылады.

Әрбір мұғалім оқушылармен өзара қарым-қатынасының нәтижелі болуы және сабақтағы оқу жұмысы сапасының артуы үшін «Не істеу керек және қалай істеу керек?», – деген сұрақты міндетті түрде қарастыруы қажет. Мектептегі тәжірибе көрсеткендей, оқу-тәрбие үдерісін күшейту мен оқушыларды салауатты өмір дағдыларына тартудың маңызды шарты дене тәрбиесі мұғалімінің дидактикалық дайындық деңгейін жетілдіру болып табылады. Бұл мәселені шешуде мұғалімнің нақты педагогикалық бақылау жүргізу және оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи теориясын тәжірибеге енгізу негізінде әрбір сабаққа талдау жасау қабілеті маңызды рөл атқаратыны белгілі.

Педагогикалық талдау сабақты дидактикалық қағидалар негізінде бағалау үшін құрамдас элементтерге бөлуден тұрады. Ол мұғалімнен салыстыру, бөлшектеу, оқушылардың іс-әрекеттерін бағалау, мұғалімнің жұмысындағы артықшылықтар мен кемшіліктерді анықтау, құралдардың, әдістер мен ұйымдастырушылық формалардың жарамдылық дәрежесі мен тиімділігін және оқу материалы мазмұнының шарттылығын анықтауды талап етеді. Сабақтың мақсатты параметрлері – белгілі бір сынып оқушыларының қимыл-қозғалыс дайындығы мен тәрбиесінің деңгейі, сабақтың орны мен шарттары болып табылады. Аталған білімді дәріс сабақтары немесе әдебиетпен өз бетінше жұмыс жасау жағдайында алуға болады, ал дағдылар практикалық сабақтар барысында қалыптасады.

Педагогикалық талдауды мұғалімнің жұмысын бақылау үшін және дене тәрбиесі мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін арттыру мен салауатты орта қалыптастыру мақсатында да қолдануға болады. Ал, дене тәрбиесі мұғалімдерінің басым көпшілігі оқушыларды салауатты өмірге баулуға бағытталған педагогикалық бақылау және талдау сызбаларын күнделікті оқу үдерісінде қолданып, жүзеге асырмай келеді. Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін талдау барысында дене тәрбиесі сабақтарында педагогикалық бақылаудың дәстүрлі түрлерін (сөзді қолдану, ойын және жарыс, қатаң шектелген жаттығулар, көрсету әдістерін) тиімді қолдану жолдары қарастырылғандығына көз жеткіздік. Н. Омаров және басқа да ғалымдар дене тәрбиесі сабақтарында спорттық мотивацияны арттыру үшін инновациялық технологияларға негізделген оқу ортасын құруды ұсынса [3], С.Тайжанов оқушыларды салауатты өмір салтына бейімдеу жолдарын терең зерделеп, салауатты орта құрудың әдістемелік негіздерін ұсынады [4].

Қазіргі заманғы мектептерде салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр. Осы бағытта көптеген зерттеулерде бақылау карталарын қолдану арқылы оқушылардың денсаулығын жүйелі түрде мониторинг жасау әдістері қарастырылған. Мысалы, Kolle және әріптестері (2009) мектептік деңгейде дене белсенділігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған ұзақ мерзімді интервенциялық жобада бақылау карталарының тиімділігін атап өтті. Бұл зерттеу денсаулықты қолдаудың педагогикалық әдістерін жүйелі түрде қолдану нәтижесінде оқушылардың физикалық белсенділігі артып, салауатты өмір салтының қалыптасуына оң әсер тигізгенін көрсетті [5].

Сонымен бірге, Prodanović және әріптестері (2016) мектеп жасындағы балалардың спортпен айналысуы мен салауатты өмір салтын қалыптастырудың әлеуметтік-педагогикалық мониторингін жүргізді. Бұл зерттеу бақылау құралдарын тиімді пайдалану арқылы оқушылардың денсаулық деңгейін тұрақты бақылауда ұстаудың маңыздылығын көрсетті [6].

Nishonova D.T. (2022) зерттеуінде жоғары сынып оқушыларының физикалық мәдениет сабақтарында денсаулықты сақтау және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық технологияларды қарастырады. Автор тиімді басқару құралдарын қолдану арқылы оқушылардың денсаулығын нығайтуға болатындығын көрсетеді [7].

Біз аталған еңбектерді жан-жақты саралап, бұл жұмысымызда Қызылорда облысы бойынша Ұлттық ғылыми–практикалық дене тәрбиесі орталығы (ҰҒПДТО) филиалының қолдауымен мектептегі дене тәрбиесі сабақтарында салауатты өмір салтын тиімді жүргізуге арналған бақылау және бағалау карталарын әзірледік. Бұл карталар мұғалімдерге тәжірибеде кеңінен қолдану үшін ұсынылды. Бұл жұмысты іске асырудағы басты мақсат – мұғалімдер өзара және ашық сабақтарда карталар арқылы сабақ жүргізген мұғалімнің әрбір іс әрекетін, оқушылардың салауатты өмір салтын ұстанып, қимыл–әрекетке қаншалықты деңгейде қатысқанына бақылау жасап, талдап, бағалай алу деңгейлерін дамытуға әдістемелік қолдау көрсету. Сонымен қатар, мұғалімдер карталардағы бақылау, талдау, бағалау бағытындағы мәліметтерді жақсы түсінулері керек. Өзін-өзі тәрбиелеу, мұғалімді шығармашылық жұмысқа ынталандыру мақсатында оған әріптестерінің сабақтарын талдау және бағалау, орын алған кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар жасау, тиімді кеңестер беру бағытында да тапсырмалар ұсынылды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысын теориялық–әдістемелік тұрғыдан талдау мақсатында отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне жан-жақты саралау жұмыстары жүргізілді. Дене мәдениеті және салауатты өмір салтына терең зерттеу жұмыстарын жүргізген көптеген ғалымдардың ғылыми және оқу–әдістемелік еңбектері пайдаланылды. Атап айтқанда: С.І. Қасымбекова мен Ж. Садықова [8], Ж.М. Есіркепов [9], В.И. Новицкая [10], Г.Ф. Шитикова [11], Е.Қ. Уанбаев [12], Б.Ө. Ермаханов пен А.И. Исаев [13], А.К. Анарбаев [14], И.Б. Алиев [15], L.S. Khalikova [16], Н.Ә. Ахметов [17], А.Б. Габдуллин мен А.Е. Басаров [18], С.У. Ержанов [19].

Бұл ғалымдардың ғылыми еңбектері салауатты өмір салтын қалыптастырудағы педагогикалық зерттеулерді, дене тәрбиесі жүйесінің теориялық және әдістемелік негіздерін тәжірибеге енгізуде кеңінен пайдаланылды.

Зерттеу барысында келесідей әдістер қолданылды: ғылыми еңбектер мен оқу–әдістемелік әдебиеттерді, педагогикалық ұғымдарды талдау мақсатында контекст–талдау; курсқа қатысқан дене тәрбиесі мұғалімдерінің ұсыныс–пікірлері мен тәжірибесін зерделеу бағытында сұхбат жүргізу; дене тәрбиесі сабағында пайдаланылатын бақылау және бағалау карталарының тиімділігін оқу үдерісіне енгізіп, нәтижесін тәжірибеде тексеру мақсатында педагогикалық бақылау; дәстүрлі әдістер мен ұсынылған жаңа бақылау және талдау карталарының көрсеткіштерін өзара салыстыру бағытында салыстырмалы талдау; алынған деректерді математикалық есептеу үшін статистикалық өңдеу әдістері қолданылды.

Сонымен қатар, зерттеу шеңберінде «Дене тәрбиесі сабағын педагогикалық бақылау және талдау» әдістемесін алғаш рет жүйелеп, оқу үдерісіне қолдану ұсынылды. Бұл әдістеме бойынша арнайы бақылау карталарының екі нұсқасы дайындалып, сабақтың құрылымын нақтылау, оқушының қызығушылығын, дене тәрбиесі мұғалімінің әдістемелік шеберлік деңгейі нақты өлшемдермен бағаланды. Жаңа әдістемені жасап, тәжірибеге енгізуге ұсынған мақала авторлары болып табылады.

Мектептегі дене тәрбиесі мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курсына дене тәрбиесі сабағын бақылау карталары арқылы педагогикалық бақылау және талдау жасауға арналған арнайы әзірленген әдістеме негізінде 19.08.–29.08.2024 ж. аралығында Қызылорда облысы бойынша ҰҒПДТО–ның филиалында облыстың барлық жалпы білім беретін мектептеріндегі 60 жетекші дене тәрбиесі мұғалімдеріне «Дене тәрбиесі педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбы бойынша 80 сағаттық біліктілік арттыру курсы өткізілді.

Біліктілікті арттыру кезеңінде қатысушыларға арнайы дайындалған бақылау карталары бойынша дене тәрбиесі сабағын педагогикалық бақылау және талдау әдістемесі таныстырылды және оқу үдерісінде қолдану әдістері бағытында жұмыстар жүргізілді. Әдістеменің тиімділігі практикалық сабақтарда талданып, оқу үдерісінде жүйелі түрде пайдалану бағытында ұсыныстар сарапқа салынды. Тәжірибелік жұмыстар Қызылорда қаласындағы Б.Ермеков атындағы №271 орта мектепте жүргізілді.

Біліктілік арттыру курсына арнайы дәріс оқуға Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен Халықаралық туризм және меймандостық университетінің «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының ғалымдары шақырылды. Аталған жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылары курсқа қатысушылармен бірге өңірлер бойынша қазіргі жалпы білім беретін мектептердегі дене тәрбиесі пәнінің көкейтесті мәселелерін талқылап, туындап жатқан мәселелерді шешудің тетіктерін қарастырды. Осы тәжірибелік жұмыстардың нәтижесін басқа өңірлердегі мектеп мұғалімдеріне ұсыну жолдары қарастырылды.

Зерттеу гипотезасы: егер дене тәрбиесі бойынша оқу үдерісінде бақылау мен бағалау карталарын күнделікті жүйелі түрде қолданатын болса, онда сабақтың мазмұны мен сапасы арттыруда, оқушыларды салауатты өмір салтына баулуда, қызығушылығын арттыруда, сабаққа белсенді қатысуға ынтасы артады. Тәжірибеге енгізілген мәліметтер гипотезаның дұрыстығына негіз болады. Бақылау карталарын пайдаланған дене тәрбиесі мұғалімдерінің сабағында жүктеме деңгейі жоғарылап, оқушылардың белсенділігі артып, нәтижелерді бағалау нақты және әділ болды.

Нәтижелер мен талқылау

Қызылорда облысы бойынша ҰҒПДТО-да 19.08.–29.08.2024 ж. аралығында Қызылорда қаласында облыстың барлық жалпы білім беретін мектептеріндегі жетекші дене тәрбиесі мұғалімдеріне «Дене тәрбиесі педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбы бойынша біліктілік арттыру курсына шақырылған Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті мен Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ғалымдары, Қызылорда қаласындағы мектептердің шебер санатындағы дене тәрбиесі мұғалімдері, білікті әдіскерлердің тәжірибесімен курс барысында дене тәрбиесі мұғалімдері төмендегі 1-кестеде көрсетілген модульдер бойынша білім мен кәсіби дағдыларды игерді.

Кесте 1 – Біліктілік арттыру курсына дене тәрбиесі мұғалімдерінің игерген тақырыптары

№	Бағдарлама модульдерінің атауы	Сағат саны
1	Нормативтік құқықтық.	4
2	Психологиялық-педагогикалық.	6
3	Дене тәрбиесі педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары.	24
4	Дене тәрбиесін оқытудың заманауи технологиялары. Дене тәрбиесі сабағында салауатты өмір салтын жаңа технологиялар негізінде дамыту жолдары.	32
5	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларды оқытудағы заманауи технологиялар.	7
6	«Дене тәрбиесі» пәні бойынша ІТ құзыреттілік.	4
7	Вариативті.	3
	Барлығы:	80
<i>Ескерту: ҰДТҒПО-ның дене тәрбиесі мұғалімдеріне табыстаған 80 сағаттық сертификатына қосымша бойынша құрастырылды.</i>		

Курстағы «Дене тәрбиесі педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары» тақырыбын оқытуға 24 сағат берілді. Осы бөлінген уақытта дене тәрбиесі мұғалімдеріне дене тәрбиесі сабағын талдау жүйесі (кесте – 2, I нұсқа,) бойынша – күнделікті сабаққа дайындығы, сабақты ұйымдастыруы, салауатты орта қалыптастыру, сабақты оқыту, үйрету, түсіндіру, меңгеру әдістерін қолдануы, жаттығуды үйретуде қолданылатын әдіс түрлері, оқушылардың іс-әрекеті үлгірімін бақылап, үлгеріміне баға қою әдісі, мұғалімнің сыныпты басқару әдісі, сабақтың қорытындысы, сабақ жоспарының

орындалуы бағытындағы тақырыптар таныстырылды. Ал, дене тәрбиесі сабағын талдау параметрлері (кесте – 3, II нұсқа) бойынша – сабақты талдау нұсқалары сабақтың параметрлері, жүктеменің көлемі мен қарқындылығы және сабақтың сипаты, сабақ өтетін орынның дайындығы, спорттық құрал–жабдықтармен қамтамасыз етілуі, жабдықтардың техникалық жағдайы, санитарлық–гигиеналық талаптарының сақталуы, сақтандыруды қамтамасыз етуі, сабақтың әр бөліміне сипаттама, олардың өзара байланысы бағытындағы материалдар қамтылды. Бұл материалдар өз кезегінде дене тәрбиесі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға, күнделікті сабақ барысында кездесетін жағдаяттарды шешуге, оқушыларды салауатты өмір салтына бейімдеуге үлкен әдістемелік қолдау болды.

Кесте 2 – Дене тәрбиесі сабағын талдау жүйесі (I нұсқа)

№	Тақырыптар
Мұғалімнің сабаққа дайындығы:	
1	Сабақтың қысқа мерзімді жоспарын жасауға дайындық. Бағдарлама негізінде сабақ мақсатын қою. Сабақ бөлімдерінің әдістемелік нұсқау бөлімінде берілген нұсқаудың қиындығын қарастыру. Сабақ барысында уақытты тиімді пайдалану жолдарын қарастыру.
2	Сабақ өтетін орынды, құрал–жабдықтарды, көрнекі құралдарды дайындау. Залдың санитарлық–гигиеналық тазалығын қамтамасыз ету.
3	Оқушылардың бірыңғай спорт киімдерімен қатысуын қамтамасыз ету.
4	Сыныптың топ жетекшілерін белгілеу.
Сабақ өткізу барысы:	
1	Сабақты ұйымдастыру. Оқушылардың тәртібі. Сабақтың уақытылы басталуы. Кезекші мәліметі. Сабақтың мақсатын түсіндіру. Құрал–жабдықтарды орналастыру және жинақтау. Сынып оқушыларын саптан қатарға тұрғызып ауыстырудың тиімділігі, қажеттілігі. Оқу жұмыстарын ұйымдастыру әдістері (барлығы бірдей, топтық, жеке, кезектесіп орындау). Сабақтағы тәртіп бұзудың себептері. Оқушылардың белсенділігі, көңіл–күйі. Оқушылардың жаттығуды орындаудағы көңіл–күйі. Оқушылардың жаттығуды орындаудағы жалпы деңгейі. Топ жетекшісінің сабақ барысындағы жұмысы.
2	Сабақты оқыту, үйрету, түсіндіру, меңгеру әдістерін қолдану. Оқушының жаттығуды көрсету сапасы, көрсету орны, көрнекі құралдарды көрсетіп түсіндіруі. Сөзді пайдалану әдісі. Сөз тіркестерін пайдаланып қолданудағы сауаттылығы. Мұғалімнің дауыс ырғағы, емпиннің реттелуі. Түсіндірудің, жаттығудың сынып оқушыларының жас ерекшелігімен сәйкес келуі.
3	Жаттығуды үйретуде қолданылатын әдіс түрлері (жеке–жеке бөліп үйрету, көрсету, біртұтас қосып көрсету әдістерімен) мұғалімнің қателіктерді дер кезінде байқап түзей білуі. Оқушылардың сабақ барысында өз іс–әрекетін бақылауы, сүйемелдеу, қателіктерін түзеуі, бос уақыттарында өз іс–әрекетін бақылауы, бос уақыттарында тапсырманы орындауға бейімділігі, өздігінше денені қыздыру жаттығуларын жасауы. Оқыту, үйрету барысында қимылдың бағыт–бағдарын өзгертуге баулу, осыған лайықты қосалқы жаттығуларды қолдана білу.
3	Оқушылардың іс–әрекеті үлгірімін бақылап, үлгеріміне баға қою әдісі. Үй тапсырмасын тексеріп, пысықтап, қайталап сұрауы. Сабақты қорытындылау. Баға қою, бағалау.
4	Мұғалімнің сыныпты басқару әдісі – сынып оқушылары алдында өзін ұстауы, педагогикалық шеберлігі, әдептілігі, тапқырлығы, талап қоюшылығы, оқушылармен өзара қатынасы (жеке дара, достық–сыйластық, атымен, әкесінің атымен атап сөйлеуі және т.б.).

№	Тақырыптар
5	Сабақтың қорытындысы – ол туралы мұғалімнің пікірі, ұсыныс, тұжырымы.
6	Сабақ жоспарының орындалуы: дұрыс, анық, нақты, дәлелді, уәжді, жоғарғы талап–тілек дәрежесінде жасалған талдау мұғалімнің қателіктерін уақытында түзеп, педагогикалық дағды шеберлігін жетілдіре түсуге, оқу–тәрбие жұмысын түрлендіріп жүргізуге септігін тигізеді. Сабақ барысында жоспардың ауытқуының себеп–салдары. Мұғалімнің сабақты өткізіп ұйымдастыру барысында жіберген негізгі қателіктерін атап өтерлік жетістіктері, ұсыныс пікірлері. Сабақты жаңа әдістермен сабақтастыра жүргізіп, ұйымдастыру түрлері. Әдістемелік–ұйымдастыру бағытында нұсқау, мұғалімнің жеке педагогикалық шеберлігін арттырып жетілдіруге бағытталған пікірлер, тұжырымдар ұсыну. Жаңа инновациялық жаңалықтарды, өзгерістерді енгізе білуі, қолданылуы.
7	Қосалқы талаптар: – мұғалімнің пайдаланған көрнекілігі; – өздігінше білімін жетілдіруі; – жеке кітапханасындағы оқулықтар; – спорт, дене тәрбиесі бағытындағы жинаған оқу–әдістемелік мақалалары, жаңалық көздері (журналдар, оқулықтар); – өзара, ашық сабаққа енген күндері; – ақпарат құралдарында жариялаған материалдары; – мәдени деңгейі, сөз қоры, дикциясы, тұлғасы; – сабақты басқа сабақтас ғылымдармен (анатомия, физиология, педагогика, психология, биомеханика және т.б.) байланыстыра білуі; – құрал–жабдықтарды тиімді пайдалана білуі, олардың сақталуы; – сабақтағы санитарлық–гигиеналық талаптардың сақталуы; – оқушылардың арнайы киімдерінің сәйкес келуі, тазалығы; – сабақ түрлеріне байланысты тақырыптық оқулықтарды қолдана білуі; – сабаққа жаңа ізденістерді қолдана білуі.
<i>Ескерту: авторлармен құрастырылды</i>	

Кесте 3 – Дене тәрбиесі сабағын талдау параметрлері (II нұсқа)

Мектеп:
 Өтетін күні:
 Сабақ тақырыбы:
 Тексеруші:

Дене тәрбиесі мұғалімі:
 Сыныптағы оқушылар саны:
 Тексеру мақсаты:

1. Мұғалімнің сабаққа дайындығы:		
№	Сабақты талдау нұсқалары	Сабақтың параметрлері
1	Ең жақсы нұсқа:	мұнтаздай сыртқы түр–сипаты, дауысы анық, спорттық терминологиясы дұрыс, өзін–өзі жақсы ұстай білуі, тілектестік жағдайында өтіледі.
2	Болуы мүмкін:	мұнтаздай сыртқы түр–сипат, дауысы анық, сынып алдында өзін–өзі ұстау кейпін дамытады, спорттық атауларда қателіктер жібереді
3	Сын:	бұйрықтар анық емес, спорттық атауларда қателер жіберілді.
4	Жарамайтын:	салдыр–салақтық. Спорттық атауларда көптеген қателер бар, сынып алдында өзін–өзі ұстау кейпіне назар аудармайды, залда, спорт алаңында белгілер жоқ. Қателіктерді дұрыс түзей алмайды. Оқушылармен кері байланысы жоқ. Жұмыс орны дұрыс таңдалмайды. Гигиеналық талаптар, тәртіп ескерілмеді, уақытты дұрыс пайдаланбады, көрнекілікті дұрыс қолданбады.

2. Сабақ өтетін орынның дайындығы, спорттық құрал–жабдықтармен қамтамасыз етілуі, жабдықтардың техникалық жағдайы, санитарлық–гигиеналық талаптарының сақталуы, сақтандыру:		
1	Ең жақсы нұсқа:	сабақ өтетін орын дайын, қажетті белгілер бар, таза, барлық оқушылар спорттық жабдықтармен қамтамасыз етілген, жабдықтар сапасы жақсы, санитарлық–гигиеналық талаптарының ережелері сақталынған, сақтандыру дұрыс ұйымдастырылған.
2	Болуы мүмкін:	қажетті спорттық жабдықтар жетіспейді, дегенмен сабақты жеткілікті жүктемемен өткізуге болады, белгілер сабақ үстінде басылады
3	Сын:	сабақ өтетін орын дұрыс алынбаған, белгілер жоқ, сақтандыру ережелері бұзылады.
4	Жарамайтын:	сабақ өтетін орын санитарлық–гигиеналық талаптарға сәйкес емес (жел, аяз, спорт алаңындағы әйнектер және т.б.).
3. Сабақтың әр бөліміне сипаттама, олардың өзара байланысы:		
1	Ең жақсы нұсқа:	сабақтың құрылымы сақталған, (дайындық бөлімі 10–12 мин., негізгі бөлім 20–24 мин., қорытынды бөлім 4–5 мин.), сабақ міндеттері анықталған, сабақтың негізгі бөлімінің өзара байланысы көрініс табады, сабақтың міндеттері анық бекітілген, сабақтың мазмұны міндеттеріне сәйкес.
2	Болуы мүмкін:	сабақтың құрылымы сақталған, дайындық бөлім мен негізгі бөлімнің өзара байланысы көрініс табады, сабақтың міндеттері анық бекітілмеген, сабақтың мазмұны міндеттеріне сәл сәйкес келмейді
3	Сын:	сабақтың құрылымы дәлелсіз бұзылған, сабақтың құрылымы бұзылған, сабақтың міндеттері белгіленбеген.
4	Жарамайтын:	сабақтың бөлімдерінің өзара байланысы жоқ. Сабақтың құрылымы бұзылған. Сабақтың міндеттері белгіленбеген.
4. Сабақ барысында әр түрлі әдістердің қолданылуы:		
1	Ең жақсы нұсқа:	қолданылған әдістер (топтық, айналмалы, біркелкі және кезектесіп жасау әдістері (сабаққа қойылған міндеттеріне, түріне (жаңа бөлімді меңгеру, қайталау, бақылау сабағы) сәйкес, сабақ үстінде тиімді жүктемеге мүмкіндік туғызады.
2	Болуы мүмкін:	дұрыс таңдалмаған әдіс сабақтың жүктемесін төмендетеді.
3	Сын:	әр түрлі әдістерді қолданбайды, әдістер сабақтың түріне сәйкес келмейді
4	Жарамайтын:	таңдалған әдіс материалды меңгеруді шешпейді (баяулатады), сабақ үстіндегі жүктемені төмендетеді.
5. Жүктеменің көлемі мен қарқындылығы және сабақтың сипаты:		
1	Ең жақсы нұсқа:	сабақтың жалпы тығыздығы 100% жақын, нақты тығыздығы 50–60% кем емес, жоғары сыныптарда 70–80%, жаттығулар, эстафета, ойындарда эмоциялық мәнері бар, оқушылардың жасына сай.
2	Болуы мүмкін:	сабақтың жалпы тығыздығы сәл төмен, мұғалім жиі қайталап отырады, түсіндіруді созады.
3	Сын:	жүктеме жеткіліксіз, артық түсіндірмелері, бос тұру көп.
4	Жарамайтын:	сабақтағы жүктемесі шамалы, қолданатын материал мәнерлі емес, бос тұру көп, сабақтағы әдістер дұрыс таңдалмаған.
6. Сабақ барысындағы тәрбиелік жұмыс, тәртіп, келушілер саны:		
1	Ең жақсы нұсқа:	тәртібі өте жақсы, мұғалім оқушыларға жеке қарайды, барлық оқушылар бірдей спорттық киімде, қатыспайтындар мұғалімге ойындарды, эстафеталарды өткізуге көмектеседі.

2	Болуы мүмкін:	белгілі тәртіпті бұзушылар бар, мұғалім тәртібі нашар оқушыларға назар аударады.
3	Сын:	шу, әңгімелердің себебінен мұғалім сабақты көтеріңкі дауыспен жүргізуге мәжбүр болды, дәлелді, себепсіз сабаққа қатыспаушылар болды.
4	Жарамайтын:	тәртібі нашар, мұғалім тәрбиелік міндеттерді шешпейді, жеке қарауды іс жүзіне асырмайды, бірдей спорттық киім жоқ. Киім, зал, алаң тазалығына мән бермейді.
<i>Ескерту: авторлармен құрастырылды</i>		

Сонымен қатар, курс барысында тыңдаушылардың назарына белсенділік, қол жетімділік, көрнекілік, жүйелілік пен ғылымилық қағидаларын іске асыруды, оқу материалын игеру талаптарын біртіндеп арттыруды, білім алушыға дуальды көзқарасты, оқытудың тәжірибемен өзара байланысын және оқыту үдерісінде мұғалімнің жетекші рөлін және т.б. қамтамасыз ететін әдістер де ұсынылды. «Оқу барысында оқушыларға ұлттық тәрбие беруді жүзеге асыру», «Оқу-тәрбие үдерісінің психологиялық-педагогикалық негіздері», «Дене тәрбиесін оқытудың мазмұны мен сапасын арттыру жолдары», «Қимыл-қозғалыс әрекеттерін оқыту қағидалары», «Дене тәрбиесі сабағында денсаулық сақтау технологиялары», «Мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды оқытудағы ерекшелік», «Дене тәрбиесі сабағында салауатты өмір салтын жаңа технологиялар негізінде дамыту жолдары» және т.б. тақырыптар бойынша да материалдар қамтылып, курсқа қатысушылардың білім деңгейін барынша жан-жақты жетілдіруге баса назар аударылды.

Біз оқу материалын егжей-тегжейлі талдағаннан кейін мұғалімдерге педагогикалық бақылаудың негізгі сұрақтары мен бағалау өлшемдерін тұжырымдауды ұсындық. Ең алдымен, дене мәдениеті теориясы мен әдістемесінің жекелеген тақырыптары бойынша мұғалімдердің білімінің деңгейі мен сапасын анықтау үшін біз бақылау карталарын жасау бойынша жұмыс жүргіздік. Содан кейін дәріс үшін материалдың мазмұнын таңдадық. Біліктілік арттыру курсының соңында барлық мұғалімдер сабақтарды бақылау және талдау карталары бойынша жұмысты тәжірибеде орындап, талдау жасады.

Курстағы іс-шаралар жоспарында мұғалімдерді ашық сабақтар мен басқа да іс-шараларды өткізу арқылы үздік мұғалімдердің тәжірибесімен таныстыруға барынша мүмкіндік жасалды. Тыңдаушыларға мұндай тәжірибе алмасу іс-шарасына алдын-ала дайындық жүргізу тапсырылды.

Біздің топ, Қызылорда облысы бойынша ҰҒПДТО-на біліктілік арттыру курсына шақырылған дене тәрбиесі мұғалімдерінің тобымен курсты жүргізе отырып, ашық сабақтарды талдау бойынша оқу материалдарын шығармашылық іріктеуден, оны ұтымды пайдаланудан, сұрақтар қоюда барынша практикалық көмек көрсетуден бастадық. Біз, дене тәрбиесі мұғалімдеріне оқушыларды салауатты өмір салтына тарту мақсатында «Қимыл-қозғалысқа үйрету әдістері» тақырыбы бойынша карточка арқылы бақылау және талдау мәселелерін анықтауды ұсындық.

Табысты жұмыс істеу үшін сабақтарда қолайлы психологиялық орта құру өте маңызды болды. Бұл мұғалімдерге карталар мен оларға сұрақтар қою бойынша тапсырманы орындау кезінде үлкен сенімділік тудырды. Сабақ барысында мұғалімдерге алма-кезек пікір алмасуларына мүмкіндік жасалды.

Тыңдаушылардың біріне дене тәрбиесі сабағын өткізу ұсынылды. Ол өз сұрақтарын (тақтада ауызша және жазбаша) хабарлады. Осы уақытта басқа мұғалімдерге өздерін қызықтырған сұрақтарын қосуына мүмкіндік берілді. Сабақ барысында дайындығы жоғары және тәжірибесі мол мұғалімдер әдістемелік тәсілдерді және т.б. шарттарды неғұрлым егжей-тегжейлі анықтау бойынша тапсырмалар ұсынды.

Мысалы, 1-карточкадағы 7 сұрақты алып қарасақ, «Дене тәрбиесі сабағынан босатылған оқушыларға тапсырманы енгізудің тиімді формаларын анықтаңыз». Немесе 8-сұрақ бойынша

«Әр түрлі жаттығулар кезінде мұғалімнің орнын таңдау» туралы. Оқушыларды бақылаудың және оларды оқытудың оңтайлы әдістерін табу мақсатында түрлі нұсқалар беру.


Сондай-ақ, тыңдаушыларға орындаған тапсырмаларды бақылау және бағалау бойынша тапсырмалар ұсынылды. Сабақ соңында оның қорытындысы шығарылды. Мұғалімдер құрастырған карталар бойынша жүргізген бақылауды сабаққа қатысқан әдіскер тапсырманың орындалуына қарай бағалады.

Егер қандай да бір себептермен мұғалімдер сабақ өткізгісі келмесе, онда әдіскер бұл жұмысты өзі атқаруы тиіс, ол біртіндеп қатысушыларды белсенді талқылау үдерісіне тартып, педагогикалық әдепті сақтау, мұғалімдерді белсендіру және көтермелеу әдістерін ойластыру аса маңызды. Мұндай жұмыс жағдайында әрбір мұғалім жалпы білім беру мәселесін шешуге өз үлесін қоса алады.

Жұмысты осы әдіспен ұйымдастыру арқылы білімді игеру, практикалық дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыру үдерісін белсендіруге болады. Мұндай сабақтар мұғалімдерді үнемі мұқият болуға, ойлау, есте сақтау және т.б. кәсіби дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға көмектеседі.

Тәжірибе көрсеткендей, карталарды құрастыру, бақылау және бағалауды біліктілік арттыру курстары мен семинарларда сынақтар қабылдау бағытында да қолдануға болады. Бұл жағдайда мұғалімнің өткізген сабағы оның жұмысының ең көрінетін тұсы екенін түсінуі маңызды. Бірақ оның алдында үлкен дайындық жасау керек. Кез келген сабақтың жоғары деңгейде өткізілуі оның мақсат–міндеттерін дұрыс құрудан басталады.


Қызылорда облысы бойынша ҰҒПДТО–да әзірленген барлық карталарға түсіндіру жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік болмағандықтан, біз карталарды бірнеше мақала арқылы жариялауды қажет деп санадық. Бұл мақалада біз бақылау карталары негізінде дене тәрбиесі сабағын ұйымдастыруды талдау бойынша жүргізілген жұмыстарды көрсетеміз. Ол 1–суретте ұсынылады.



Сурет 1 – Бақылау карталары арқылы дене тәрбиесі сабағын ұйымдастыруды талдау әдістері

Зерттеу жұмысы барысында педагогикалық бақылау заманауи сабақ талаптарына сәйкес жүргізіліп, дене тәрбиесі мұғалімдері сабақ барысында оқу–тәрбие үдерісінің барлық дидактикалық кезеңдерін орындағанын атап өтеміз.

Дене тәрбиесі сабағының барлық кезеңдерін қамту үшін толық бақылаудан басқа, белгілі бір тақырыптарды бақылау карталары бойынша ішінара тақырыптық бақылау жүргізу де ұсынылды. Ол 2–суретте көрсетіледі.



Сурет 2 – Дене тәрбиесі сабағының кезеңдері

Қорытынды

Әрбір мұғалім үшін оқушылардың не ойлайтынын түсінуі, оларды мұқият бақылау, сабақта және сабақтан тыс уақытта немен айналысып жатқанын, сыныптастарымен өзара араласуын, салауатты өмір салтына тарту үшін дене тәрбиесіне қызығушылығы қандай деңгейде екенін бақылау өте маңызды. Әрбір оқушының дене дайындық дағдысы мен достары арасында үздік болуға деген ұмтылысын үнемі арттырып (бақылап) отыру қажет. Осы мәселелерді жүзеге асыру үшін дене тәрбиесі мұғалімдерінің бойында келесі қасиеттер міндетті түрде болуы тиіс:

– оқушыларға жаттығуларды бірлесе жасау мен дене қасиеттерін дамытуға көмектесуге барынша назар аудару. Мұғалім мектепке не үшін және қандай мақсатта келгенін түсінгені маңызды;

– мұғалім өз пәнін жақсы көріп, адами қасиеттерге, яғни, адамның жеке басын құрметтеп, мейірімді әрі диалогке дайын болу керек. Әрбір сабақты қалай табысты өткізуге, дене тәрбиесінің білім беру, тәрбиелеу, сауықтыру міндеттерін тиімді шеше алатынына, оқушыларды салауатты өмір салтына белсенділігін арттыру үшін қандай қимыл дағдыларын дамыту керектігіне баса мән беру қажет;

– әрдайым позитивті ойлау. Мұғалімнің міндеті – оқушыны қолдау, ынталандыру, мәселенің оң шешімін табуға көмектесу. Сондықтан оқытуда ынтымақтастық үдерісі өте маңызды. Мұғалім әрбір оқушының дене бітімі түзу, сымбатты, салауатты, дені сау тұлға болып өсіп–жетілуі мектеп кезеңінде қалыптасатынын естен шығармау керек.

Тәуелсіз еліміздің болашағы салауатты өмір салтын ұстанатын оқушы жастарды тәрбиелеу жүйесін қандай негізде құратынымызға байланысты болмақ. Біз бала бойына дене тәрбиесінің құралдары арқылы адами қасиеттерді сіңіріп, туған еліне адал, ата–анасы мен жақын бауырларына қорған болатын жастарды дайындап, салауатты өмір салтына тәрбиелеп, ұлттық құндылықтарды дарытуымыз қажет. Осы айтылған мәселелердің барлығы біз өткізген біліктілік арттыру курсына талданып, әрбір мұғалімнің күнделікті оқу үдерісінде пайдалануына мүмкіндік жасалды. Біз бұл жобамызды басқа өңірлердегі (Түркістан, Тараз, Шымкент, Ақтау, Ақтөбе, Орал қалаларындағы) біліктілік арттыру орталықтарында тәжірибеге енгізіп, дене тәрбиесі мұғалімдеріне өзара сабаққа қатысу және ашық сабақтарды ғылыми–педагогикалық тұрғыдан дұрыс талдау мен бағалауды терең

менгеруіне әдістемелік қолдау көрсету мақсатында ұсынып отырмыз. Бұл бастама өз кезегінде дене тәрбиесі мұғалімдеріне әрбір сабаққа жаңа бағытпен, жаңа ғылыми көзқараспен назар аударуға әсер етеді деп санаймыз.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің жеке тіркеу номері: AP19676522 жобасы аясында орындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Тоқаев Қ.К. «Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adiletti-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659> (қаралған күні: 02.05.2025).
- 2 Егізбаев Ж. Оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының аспектілері. – Қызылорда: Тұран баспасы. – 2021. – 61 б.
- 3 Omarov N., Omarov B., Azhibekova Z., Omarov B. Applying an augmented reality game-based learning environment in physical education classes to enhance sports motivation // Retos. – 2024. – Vol. 60. – P. 269–278. <https://doi.org/10.47197/retos.v60.109170>
- 4 Тайжанов С. Салауатты өмір салтының негіздері. – Алматы: Эверо баспасы. – 2018. – 160 б.
- 5 Kolle E., Steene-Johannessen J., Holme I., Andersen L.B., Anderssen S.A. The Health Oriented pedagogical project (HOPP) – A controlled longitudinal school-based physical activity intervention program // BMC Public Health. – 2009. – Vol. 9(1). – 1–10. <https://doi.org/10.1186/s12889-017-4282-z>
- 6 Prodanović R., Branković M., Knežević B. Sport activity and a healthy lifestyle for school age children – Socio-pedagogical monitoring // Sport Mont. – 2016. – Vol. 14(3). – P. 47–52. <https://doi.org/10.26773/smj.2016.09.009>
- 7 Nishonova D.T. Pedagogical technologies based on the effective management of means for the formation of health and healthy lifestyles of high school student girls in physical culture training // International Journal of Education and Science. – 2022. – 5(2). – P. 120–130. <https://bestpublication.org/index.php/iq/article/view/7268>
- 8 Қасымбекова С., Садыкова Ж. Оқушылардың қимыл-әрекетін арттыру жолдары. – Алматы: Арыс баспасы. – 2007. – 124 б.
- 9 Есіркепов Ж.М. Дене тәрбиесі сабағын талдау жүйесі. – Қызылорда: Жиенай баспасы. – 2017. – 116 б.
- 10 Новицкая В.И. Педагогический контроль в физическом воспитании студентов. – Минск: Научный мир. – 2019. – 108 с.
- 11 Шитикова Г.Ф. Педагогический контроль за уроками физической культуры // Физическая культура в школе. – Москва, 1981. – №3 (45). – С. 26–30.
- 12 Уанбаев Е.Қ. Дене мәдениеті және спорт теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Үш қиян баспасы, 2021. – 320 б.
- 13 Ермаханов Б.Ө., Исаев А.И. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты. – Алматы: Adal kitap баспасы. – 2024. – 271 б.
- 14 Анарбаев А.К. Формирование здорового образа жизни студентов на основе спортивно-рекреационного туризма // Материалы международной научно-практической конференции преподавателей вузов, учителей школ, студентов и молодых ученых «Физическая культура и спорт в системе образования: опыт и перспективы развития». – Алматы, 2022. – С. 54–57.
- 15 Алиев И.Б. Привлечение и пропаганда к здоровому образу жизни // Международный научно-практической конференции «Образование, воспитание и применение инновационных технологий в области физического воспитания и спорта: проблемы и пути решения». – Ташкент: НУ имени М.Улукбека, 2022. Часть 1. – С. 193–198.
- 16 Khalikova L.S. Developing healthy lifestyle skills among all categories of the population: problems and ways to overcome them // III – International scientific and practical conference «Education, personnel training–application of innovative technologies in the field of physical education and sports: problems and solutions». – Tashkent: M.Ulukbek University. – 2024. Part 1. – P. 263–266.
- 17 Ахметов Н.Ә. Салауатты өмір салтына ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу жолдары // Ұлы жібек жолы – ұлы мұра» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының баяндамалар жинағы. – Түркістан. – 2021. – Б. 145–151.
- 18 Габдуллин А.Б., Басаров А.Е. Сущностная характеристика физической культуры и культуры здорового образа жизни в современном обществе // Материалы VI Международной научно-практической онлайн-конференции «Современные проблемы развития физической культуры и спорта», посвященной xxx-летию независимости Республики Казахстан. – Актобе. – 2021. – С. 89–93.
- 19 Ержанов С.У. Заманауи сауықтыру технологияларын салауатты өмір салтын қалыптастыру құралы ретінде қолдану // «Жоғары оқу орындары мен колледж, мектептерде дене тәрбиесі құралдары арқылы жастардың рухани интеллектуалдық деңгейін қалыптастыру жолдары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Қызылорда. – 2022. – Б. 207–212.

REFERENCES:

- 1 Tokayev Q.K. (2025). «Adilette Qazaqstan: quqyq tartibi, ekonomikalıq örlew, qoǵamdyq optimizm» attı Qazaqstan halqyna zholdauy [«Just Kazakhstan: Rule of Law, Economic Growth, Social Optimism» Address to the People of Kazakhstan]. Retrieved from <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adilette-kazakistan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakistan-halkyna-zholdauy-285659> (accessed 02.05.2025). (in Kazakh)
- 2 Egizbayev Zh. (2021). Oqushyların jürgiziletin tärбие jumystarynyń aspektleri [Aspects of Educational Work with Students], Qyzylorda: Turan baspasy, p. 61. (in Kazakh)
- 3 Omarov N., Omarov, B., Azhibekova, Z., Omarov, B. (2024). Applying an augmented reality game-based learning environment in physical education classes to enhance sports motivation, Retos, Vol. 60, pp. 269–278. <https://doi.org/10.47197/retos.v60.109170>
- 4 Taizhanov S. (2018). Salawattı ömir saltınıń negizderi [Foundations of a Healthy Lifestyle], Almaty: Evero baspasy, p. 160. (in Kazakh)
- 5 Kolle E., Steene-Johannessen J., Holme I., Andersen L.B., Anderssen S.A. (2009). The Health Oriented Pedagogical Project (HOPP) – A controlled longitudinal school-based physical activity intervention program, BMC Public Health, Vol. 9(1), pp. 1–10. <https://doi.org/10.1186/s12889-017-4282-z>
- 6 Prodanović R., Branković M., Knežević B. (2016). Sport activity and a healthy lifestyle for school age children – Socio-pedagogical monitoring, Sport Mont, Vol. 14(3), pp. 47–52. <https://doi.org/10.26773/smj.2016.09.009>
- 7 Nishonova D. T. (2022). Pedagogical technologies based on the effective management of means for the formation of health and healthy lifestyles of high school student girls in physical culture training, International Journal of Education and Science, 5(2), pp. 120–130. <https://bestpublication.org/index.php/iq/article/view/7268>
- 8 Qasymbekova S., Sadyqova Zh. (2007). Oqushylardıń qımyl-äreketin artıru joldary [Ways to Improve Students' Physical Activity], Almaty: Arys baspasy, p. 124. (in Kazakh)
- 9 Esirkepov Zh.M. (2017). Dene tärbiesi sabaǵyn tal daw jüyesi [System of Physical Education Lesson Analysis], Qyzylorda: Zhienay baspasy, p. 116. (in Kazakh)
- 10 Novitskaya V.I. (2019). Pedagogicheskiy kontrol v fizicheskoy vospitanii studentov [Pedagogical Control in Physical Education of Students], Minsk: Nauchnyy mir, p. 108. (in Russian)
- 11 Shitikova G.F. (1981). Pedagogicheskiy kontrol za urokami fizicheskoy kultury [Pedagogical Control of Physical Education Lessons], Fizicheskaya kultura v shkole, No. 3(45), pp. 26–30. (in Russian)
- 12 Uanbaev E.Q. (2021). Dene mädienieti jáne sport teóriyası men ädistemesi [Theory and Methodology of Physical Culture and Sports], Almaty: Üsh Qıyan baspasy, p. 320. (in Kazakh)
- 13 Ermakhanov B.Ö., Isaev, A. I. (2024). Dene tärbiesi jáne salawattı ömir salty [Physical Education and Healthy Lifestyle], Almaty: Adal kitap baspasy, p. 271. (in Kazakh)
- 14 Anarbayev A.K. (2022). Formirovanie zdorovogo obraza zhizni studentov na osnove sportivno-rekreatsiionnogo turizma [Formation of Healthy Lifestyle of Students Based on Sports-Recreational Tourism], in: Materialy mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferencii prepodavatelej vuzov, uchitelej shkol, studentov i molodykh uchenykh «Fizicheskaya kultura i sport v sisteme obrazovaniya: opyt i perspektivy razvitiya», Almaty, pp. 54–57. (in Russian)
- 15 Aliev I.B. (2022). Privlechenie i propoganda k zdorovomu obrazu zhizni [Promotion of Healthy Lifestyle], in: Mezhdunarodnaya nauchno-prakticheskaya konferenciya «Obrazovanie, vospitanie i primeneniye innovatsionnykh tekhnologiy v oblasti fizicheskogo vospitaniya i sporta: problemy i puti resheniya», Tashkent: M.Ulukbek University, Part 1, pp. 193–198. (in Russian)
- 16 Khalikova L.S. (2024). Developing healthy lifestyle skills among all categories of the population: problems and ways to overcome them, in: III International Scientific and Practical Conference «Education, Personnel Training – Application of Innovative Technologies in the Field of Physical Education and Sports: Problems and Solutions», Tashkent: M.Ulukbek University, Part 1, pp. 263–266.
- 17 Akhmetov N.Ä. (2021). Salawattı ömir saltına ulttyq qundylyqtar negizinde tärbielew joldary [Ways of Educating Healthy Lifestyle Based on National Values], in: «Üly jıbek jolı – üly mura» attı Khalkaraǵylımı-täjiribelik konferenciya, Turkistan, pp. 145–151. (in Kazakh)
- 18 Gabdullin A.B., Basarov, A. E. (2021). Sushchnostnaya kharakteristika fizicheskoy kultury i kultury zdorovogo obraza zhizni v sovremennoy obshchestve [Essential Characteristics of Physical Culture and Healthy Lifestyle in Modern Society], in: Materialy VI Mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy onlayn-konferencii «Sovremennyye problemy razvitiya fizicheskoy kultury i sporta», Aktobe, pp. 89–93. (in Russian)
- 19 Erzhanov S.U. (2022). Zamanayı sawıqtıru texnologıların salawattı ömir saltın qalıptastıru quralı retinde qoldanu [Using Modern Wellness Technologies as a Tool for Healthy Lifestyle Formation], in: «Joǵary oqu orındary men kolledj, mektepterde dene tärbiesi quraldary arqyly jas-tardıń ruǵanı intellektualdyq deńgein qalıptastıru jol-dary» attı respublikalyq ǵılımi-täjiribelik konferenciya, Qyzylorda, pp. 207–212. (in Kazakh)

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ КОНТРОЛЬНЫХ КАРТ И ПРОВЕДЕНИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО АНАЛИЗА В ФОРМИРОВАНИИ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ В ШКОЛЕ

Ермаханов Б.Ө.^{1,*}, Есиркепов Ж.М.², Маханбет Е.Т.³, Куанышбаев Б.Ж.¹, Рахымжанов А.О.¹

¹Международный казахско–турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,
Республика Казахстан, г. Туркестан

²Международный университет туризма и гостеприимства,
Республика Казахстан, г. Туркестан

³Каспийский Университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова,
Республика Казахстан, г. Актау

*e-mail: baglan0989@gmail.com, zhandos-1978@mail.ru, yerzhan.makhanbet@yu.edu.kz,
bakhytzhhan.kuanysbayev@ayu.edu.kz, alpamys.rakhymzhanov@ayu.edu.kz

Аннотация. Цель исследования – научное обоснование эффективного применения специально разработанных карт педагогического контроля и оценки в учебном процессе, направленного на формирование здорового образа жизни на уроках физической культуры в школах. Основная идея работы заключается в признании необходимости использования педагогических средств контроля при совершенствовании содержания предмета физической культуры и в систематизации методических рекомендаций, ориентированных на формирование у учащихся устойчивых навыков здорового образа жизни. Основное направление исследования – качественное совершенствование содержания уроков физической культуры на основе выявления передовых методов анализа и оценки. Научная значимость исследования состоит в том, что формирование теоретических и методических основ применения карт педагогического контроля и оценки способствует развитию профессиональной компетентности учителей, обновлению качества уроков физической культуры и систематическому формированию у учащихся навыков здорового образа жизни. Практическая значимость заключается в том, что внедрение разработанных карт контроля и оценки в педагогическую практику способствует совершенствованию содержания учебных занятий, повышению качества профессиональной деятельности учителей и росту интереса учащихся к урокам физической культуры. В исследовании использовались следующие методы: педагогическое наблюдение, сравнительный анализ, анкетирование, а также количественная и качественная обработка полученных данных. Практическая часть исследования была организована в рамках курсов повышения квалификации учителей физической культуры. В ходе эксперимента доказано, что использование контрольных карт способствует целенаправленной организации структуры уроков, обогащению их содержания и повышению учебной мотивации учащихся. Результаты сравнительного анализа показали, что систематическое проведение педагогического контроля позволяет учителям осуществлять самоанализ своей деятельности, а у учащихся формируется устойчивый интерес к занятиям физической культурой. В заключение установлено, что предложенные средства педагогического контроля оказывают положительное влияние на содержание и качество уроков физической культуры. Суть исследования заключается в научном обосновании эффективности внедрения новых форм педагогического контроля и оценки в образовательный процесс. В работе исследованы такие важные аспекты, как совершенствование профессиональной деятельности учителя и повышение мотивации учащихся посредством использования контрольных карт. На основе практического опыта подтверждена их результативность.

Ключевые слова: Учитель физической культуры, спорт, педагогический контроль и анализ, повышение квалификации, здоровый образ жизни, карта, хорошее здоровье и благополучие.

THE EFFECTIVENESS OF USING CONTROL CARDS AND CONDUCTING PEDAGOGICAL ANALYSIS IN FORMING A HEALTHY LIFESTYLE IN SCHOOLS

B. Yermakhanov ^{1,*}, Zh. Yessirkepov ², Y. Makhanbet ³, B. Kuanyshbayev ¹, A. Rakhymzhanov ¹

¹International Kazakh–Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi,
Republic of Kazakhstan, Turkestan

²International University of Tourism and Hospitality, Republic of Kazakhstan, Turkestan

³Caspian University of Technology and Engineering named after Sh. Yessenov,
Republic of Kazakhstan, Aktau

*e-mail: baglan0989@gmail.com, zhandos-1978@mail.ru, yerzhan.makhanbet@yu.edu.kz,
bakhytzh.kuanyshbayev@ayu.edu.kz, alpamys.rakhymzhanov@ayu.edu.kz

Abstract. The purpose of this study is to scientifically substantiate the effective use of specially designed pedagogical monitoring and assessment cards in physical education classes to promote a healthy lifestyle. The core idea is to recognize the necessity of pedagogical monitoring tools in improving the content of physical education and to systematize methodological recommendations aimed at fostering students' healthy habits. The main focus is on qualitatively enhancing lesson content by identifying advanced methods of analysis and assessment in physical education. The scientific significance lies in developing the theoretical and methodological foundations for using monitoring and assessment cards to improve the quality of physical education classes, thereby supporting teachers' professional development and systematically encouraging students to adopt a healthy lifestyle. Practically, introducing these cards into teaching practice helps develop lesson content, improve teaching quality, and increase student engagement. The research methods included pedagogical monitoring, comparative analysis, surveys, and quantitative and qualitative data processing. The practical part was conducted within a professional development course for physical education teachers. Results demonstrated that the monitoring cards helped structure lessons purposefully, enhance lesson content, and boost students' active participation. Comparative analysis showed that teachers conducting regular pedagogical monitoring could analyze their work daily and increase students' motivation towards physical education. In conclusion, the proposed monitoring tools positively impact lesson content and quality. This study scientifically proves the effectiveness of introducing new pedagogical monitoring and assessment models in the educational process. Key aspects such as enhancing teacher professionalism and increasing student motivation were examined, achieving concrete results based on practical application.

Keywords: Physical education teacher, sports, pedagogical control and analysis, professional development, healthy lifestyle, card, good health and well-being.